

психологиялық тұрғыдан алдын-ала Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру жөнінде және Бүкіләлемдік сауда ұйымының талаптарына сай өнім өндіруге дайындап, бейімдеуіміз керек деп ойлаймыз [3].

Сол бағытта келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

- Ғылым мен білімді дамыту мақсатында интеграциялық ғылыми-білім және ғылыми-әдістемелік орталық құру, оның негізгі міндеті ірі кәсіпорындар мен шаруа (фермер) қожалықтарын әдістемелік, ақпараттық, кеңес беру қызметтерімен қамтамасыз ету;
- Агроөнеркәсіп кешенінде инновациялық жобаларды дайындау бойынша кеңес беруді өткізу және ұйымдастыру;
- Жергілікті жерде инновациялық технологияларды өндіріске енгізу бойынша және оған бейімделуге кеңес беру;
- Инновация туралы ақпараттар тарату;
- Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру және өткізу бойынша бизнес- жоспар, бизнес-жоба дайындау;
- Агроөнеркәсіп кешені нарығына маркетингтік зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру және оны өткізу;
- Аймақтың агроөнеркәсіп кешенін кадрмен қамтамасыз ету бойынша ақпараттар қорын қалыптастыру;
- Ауылшаруашылығы тауарөндірушілерін осы саланың қазіргі жағдайы, өнім сапасы және ӘСҰ кіруге экономикалық тиімділіктер туралы хабардар ету шараларын ұйымдастыру және енгізу;
- Аймақтың ауылшаруашылығы тауарөндірушілерін ӘСҰ кіру кезіне бейімделу шаралары ақпараттарымен қамтамасыз ету;
- Ауылшаруашылығы тауарөндірушілерін өндіріс, сауда, жаңа шаруашылықты жүргізу әдістері бойынша қалыптасқан ұсыныстары бойыншы ақпараттармен қамтамасыз ету;
- Инновациялық технология, маркетинг, есеп және аудит мәселелері бойынша ауылшаруашылығы тауарөндірушілеріне оқыту семинарларын өткізу.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сембаева Р., Казахстан: влияние торговой политики на человеческой развитие // Астана, Республика Казахстан, 2010 год
2. Самсон И., Дайкер Д. Анализ экономических последствий вступления Казахстана во Всемирную торговую организацию // КазЭУ им. Т.Рыскулова, Алматы.
3. Балацкий Е., Инновационные стратегии компаний на развивающихся рынках. / Е. Балацкий. //Экономика и общество. – 2004. – №4. – С. 100.

ӘОЖ: 339.543.622

КЕДЕНДІК ОДАҚ – БОЛАШАҚ ДАМУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

Ж. Б. Кенжин, магистр, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада, кедендік одақ – бұл біздің ықпалдастығымыздың келесі сатысы. Бұған дейін Беларусь, Қазақстан, Ресей арасында еркін сауда аймағы жүзеге асқан болатын. Бұл еркін сауда аймағының мәнісі – үш ел арасында нөлдік, яғни кедендік баждың жоқ екендігін

білдіреді. Кедендік одақтың Қазақстан үшін тигізер пайдасы мен болашағына талдау жасалған.

В статье проанализировано, что Таможенный союз – это очередная стадия нашего взаимного сотрудничества. До этого времени между странами Беларусь, Казахстан, Россия функционировала зона свободной торговли. Сущность зоны свободной торговли заключается в том, что между тремя странами не существует таможенных пошлин. В целом рассмотрены позитивные аспекты влияния Таможенного Союза на экономику Казахстана.

The article analyzes that Customs Union is the next stage of our cooperation. Until that time, free trade zone was between the countries of Belarus, Kazakhstan, and Russia. The essence of free trade area is that between three countries there are no customs fees. In general, positive aspects of the influence of Customs Union on the economy of Kazakhstan are considered in the article.

Жарқын болашаққа батыл қадам басып бара жатқан егемен еліміз жаңа жылдың алғашқы күндерінен бастап, экономикалық қауымдастықтың тарихи жаңа үлгісіне қадам басып отыр. Сонау бір қызыл империя құлаған кезден бастап кеңістікте пайда болған тәуелсіз мемлекеттерді экономикалық интеграцияға шақырған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өміршең бастамалары ТМД, ЕурАзЭҚ сияқты экономикалық және саяси қауымдастықтар негізінде дамып, ақыры Достастық елдері арасындағы жаңа бірыңғай экономикалық кеңістік – Кедендік одаққа ұласты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «бөлінгенді бөрі жейді, біріккендер берекеге кенеледі» деген тарихи қағиданы басшылыққа алып, интеграцияға балама жоқ екендігін жалықпай айтып, өміршең бастамалармен дәлелдеп келеді. 2006 жылы 16 тамызда өткен ЕурАзЭҚ-тың мемлекет басшыларының ресми емес басқосуында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен ЕурАзЭҚ шеңберінде кедендік одақ құру туралы шешім қабылданды. Соның нәтижесінде Беларусь, Қазақстан және Ресей мемлекеттеріне болашақ кедендік одақтың келісімдік-құқықтық базасын жасау міндеті жүктелді. Осы шешімді жүзеге асыру мақсатында тараптар ЕурАзЭҚ Интеграциялық комитетінің аясында тұрақты түрде отырыстар өткізіп, кедендік одақ құру үшін қажетті халықаралық келісім-шарттардың жобаларын белгілеу және үйлестіру жұмыстарымен айналыса бастады. Қазіргі күнге дейін кедендік одақтың келісімдік-құқықтық базасын қалыптастыру мақсатында 38 халықаралық келісім-шарт жасалынды. Сонымен бірге, кедендік одақ шеңберінде ЕурАзЭҚ-тың базасында қабылданған 13 халықаралық келісім жұмыс істейтін болды.

Қоғамда қазір Кедендік одақ хақында әртүрлі пікірлер айтылуда. Біреулер кешегі Кеңестік одақтан құтылып, экономикалық тәуелсіздік алып едік. Енді тағы да «аға жұрттың» қолтығына кіріп, тәуелсіздігімізді тәрк етеміз бе десе, енді біреулер тауар рыногы ұлғаяды, Ресей мен Беларусьтың сапалы тауарларын тұтынып, сұранысымызды толық қанағаттандырамыз дейді. Ақиқатында осы Кедендік одақтан аларымыз не? Бүгін жаппай жаһандану дәуірінде ешқандай экономика оқшауланып өмір сүре алмайтыны анық. Дүниені дүр сілкіндірген қаржы-экономикалық дағдарысы да ынтымақтасқан елдер қиындықтан қиналмай шығатынын көрсетті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та үнемі интеграцияға балама жоқ екендігін жалықпай айтып, баламасыз бастамаларымен дәлелдеп келеді.

2009 жылы 27 қараша күні Минскіде Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекеттерінің президенттері өз елдерінің территориясында 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап біртұтас кедендік кеңістіктің пайда болатындығы туралы құжатқа қол қойды. КСРО-ның ыдырауынан кейін алғаш рет Беларусьте посткеңестік кеңістікте жаңа бір одақ – Кедендік одақ құрылатындығы жария етілді. Тарихи маңызы зор мәселеге қатысты бірқатар пікірталас өрбігенімен, ақыр соңында үш елдің көсемдері алдын ала жоспарланғандай, келер жылдың 1 қаңтарынан бастап Кедендік одақты іске қосуға байланысты бірнеше құжат пакеттеріне қол қойды.

2010 жылдың 1 шілдесіне дейін біртұтас кедендік территория құру жұмысы толығымен аяқталып, ол толыққанды жұмыс істей бастауы тиіс. Соған байланысты, Ресей, Қазақстан және Беларусь мемлекеттері 11 мың тауар түрлеріне қатысты тарифтер бойынша келісімге келді. 90 пайыздық жағдайда оның негізіне Ресейде әрекет етіп отырған салықтың алым тарифі алынды.

Осыған байланысты сарапшылардың деректері бойынша Ресей, Беларусь және Қазақстан үшін 2015 жылға қарай өздерінің ІЖӨ-нің көлемі 15 %-ға дейін арттыруы мүмкін дейді. Кедендік одақ құрудан Ресей табатын табыс пайдасының көлемі 400 миллиард долларды құрайды, ал Беларусь пен Қазақстанның үлесіне тиер енші – 16 миллиард доллар құрамақ. Кедендік одақ құру арқылы 170 миллион халқы бар ауқымды орасан зор нарық территориясы қалыптасты. Үш елдің жалпы өндірістік көлемі 600 миллиард долларды құрап отыр. Мәселен, стратегиялық маңызға ие мұнай қоры 90 миллиард баррельден асып кетеді. Бұл көрсеткіш өз кезегінде, әлемдік энергия қуаты нарығындағы аса маңызды оныншы орынды иеленеді. Одаққа кірген үш елдің ауыл шаруашылығы саласындағы ортақ әлеуеті 112 миллиард долларды құраса, күллі әлемде өндірілетін бидайдың 12 %-ы, оны экспорттаудың 17%-ы біздің елдердің үлесіне тиесілі. Ішкі жалпы өнімдеріміздің көлемі 2 триллион доллар болса, ортақ тауар айналымы 900 миллиард доллардан асып түседі.

Егер одақтың құрылымдық жағына тоқтар болсақ, 2007 жылы 6 қазанда Душанбе қаласында Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің басшылары Кедендік одақ комиссиясын құру туралы келісім-шартқа қол қойды. Осы келісім-шарт бойынша аталмыш комиссия тұрақты түрде жұмыс істеп, Кедендік одақ аясындағы барлық мәселелерді реттеп отыратын болды. Кедендік одаққа кіретін мемлекеттер үшін бұл комиссия қабылдаған шешімдердің орындалуы міндетті болып саналады. Бұл – кедендік одақтың аталмыш органының тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады[1].

Сол сияқты аталмыш келісім шарт бойынша кедендік одақ құрушы мемлекеттер сыртқы сауданы реттеудің нақты салаларында комиссияның құзырына бірқатар ұлттық өкілеттіктерді міндетті түрде кезең-кезеңмен беру қарастырылған.

Мемлекет басшыларының 2009 жылғы 27 қарашада қабылдаған шешімдеріне сәйкес 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап, кедендік тарифтік және кедендік емес реттеу салаларындағы өкілеттілік комиссия құзырына толық берілген. Бұл ретте комиссиядағы әрбір мемлекетке қатысты дауыс былай бөлінген: Қазақстан – 21,5 дауыс, Беларусь – 21,5 дауыс, Ресей – 57 дауыс. Егер комиссия қабылдаған шешімге тараптардың біреуі келіспейтін болса немесе қаралған шешім қажетті көп дауысқа ие бола алмаған жағдайда мәселе Кедендік одақтың жоғары органында қаралып, шешім консенсус бойынша қабылданады. Сонымен бірге, комиссия Кедендік одақтың құқықтық базасын қалыптастырған халықаралық келісім-шарттар негізінде кейбір мәселелер жөнінде консенсус арқылы шешім қабылдауға құқылы. Бүгінгі күнге дейін Кедендік одақ комиссиясының 12 отырысы болып өтті [1].

Кедендік одақ не береді? Бұл жеңіс пе, жеңіліс пе? Бұдан ұтамыз ба, ұтыламыз ба? Демократиялық қоғамда сөз бостандығы барлығын желеу етіп, әркімнің өзінің білген-түйгенін жариялауға құқы бар. Соған байланысты сарапшылардың айтуы бойынша бірыңғай кедендік тариф жағдайында ұтыстардың қаншалықты көлемді екені көрсетіледі. Біріншіден, бизнесті дамытуға және бірлескен кәсіпорындар құруға өзара инвестиция салу үшін қолайлы жағдай қалыптасады. Екіншіден, кедендік тарифтер жеңілдейді. Енді кәсіпкерлерге қаптаған кедендік тіркеулерден өтіп, уақыттарын шығындамауға мүмкіндік туады. Үшіншіден, өзара қосалқы салықтар тәртіпке келтіріліп, ырықтандыру мәселесі жеңілдейді.

Отандық өндірістегі жаңа сала – автомобиль құрастырушыларымыз пайдаға шығады. Қазір біздің елде көптеген халықаралық бренд көліктерді құрастырушы кәсіпорындар жұмыс істеуде. Міне, солардың шетелдерден тасымалдайтын бөлшектеріне тариф мөлшері азаятындықтан, олардың отандық нарықтағы бағасы да төмендейді. Қазір зауыттан жаңа шыққан шетелдік автокөліктерді сатып алу қалтаны біраз аздыртады. Ал бірыңғай кедендік тарифы өндіріске енген кезде мұндай жаңа автокөліктерді 15 мың долларға да алуға болады, яғни баға ең кемінде 10%-ға түседі.

Үш мемлекеттің бірлескен кәсіпорындары көптеп пайда болады. Мәселен, «Беларусь» тракторларын, КамАЗ жүк автокөліктерін біздің елдегі бірлескен кәсіпорындарда арзандауына жол ашады. Демек, бұл жерден де ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндер үшін пайдалы.

Қазақстанның 2010 – 2020 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыруды қолға алуы – бірыңғай кеден тарифын өндіріске енгізу кезеңімен тұспа-тұс келіп тұр. Демек, техникалық өндірісі дамыған және басқа қосымша құны мол ғылыми жетістіктерді өндіріп келген Ресей Федерациясы, Беларусьсия секілді мемлекеттер

ғалымдарымен бірлескен ғылыми ізденіс жобаларын жүзеге асыруға кірісеміз. Біздің ел үшін индустриалды-инновациялық бағдарламаның маңызы аса зор [2].

Қазақстанның ең үлкен ұтыстарының бірі – Батыс Қытай – Батыс Еуропа транзит тасымал көлемінің ұлғаюы. Бұл транзит тасымалында Қазақстан Республикасы сүбелі үлеске ие.

Мынау жаһандану әлемінде интеграцияланбай өмір сүру мүмкін емес. Қандай болмасын мемлекет өз ішінде тұйықталатын болса, бұл дегеніміз, өзінің болашағына балта шабу деген сөз, деп атап көрсеткен болатын.

Егер қазақстандық кәсіпкерлер бұл қадамға төтеп беріп, ресейлік және беларусьтік кәсіпкерлермен бәсекелестік күресте сыртқы рынокта өздерінің қабілеттіліктерін дәлелдей алса, онда интеграцияның келесі кезегінде, мәселен, Қазақстанның ДСҰ-ға кірген кезеңінде оларға әлемдік рыноктың бәсекелестігіне төтеп беру жеңіл болады.

Кедендік одақ құруға байланысты қазақстандық кәсіпкерлердің алдынан орасан зор рынок ашылады. Бұл рынок ішкі жалпы өнімінің көлемі 2 трлн. долларды құрайтын, 170 млн. адамды қамтитын алып кеңістік болып табылады. Бұл тек ірі кәсіпорындар үшін ғана емес, сонымен бірге бәсекелестікке қабілетті тауар шығаратын отандық шағын кәсіпорындар үшін де үлкен мүмкіндіктер мен үміт жолын ашады. Кедендік одақ жұмыс істей бастаған кезде үш мемлекет аумағындағы көптеген өзара пайдалы жобалар іске қосылатын болады. Кедендік тарифтерді үйлестіру нәтижесінде Қазақстанға басқа елдерден келетін тауарлар үшін мүмкіндігінше жоғары тариф белгілеу мүмкіндігі туындайды. Бұл Кедендік одақтан тыс мемлекеттерден келетін импортты шектейді. Яғни, қазақстандық тауар өндірушілерге үшінші бір елдерден, мәселен, Қытайдан келетін тауарлардың шектелуіне байланысты зор мүмкіндіктер туындайды.

Қазақстанда қалыптасқан мейлінше тиімді инвестициялық және бизнестік ахуал (Бүкіл-әлемдік банктің «Doing Business» атты бизнес жүргізу жеңілдігі жөніндегі рейтингі бойынша Қазақстан 63-ші орынды иеленсе, көршілес Ресей 120-шы орынды иеленген), сол сияқты еліміздегі мейлінше ырықтандырылған салық саясаты Кедендік одақ елдерінің рыногына бағытталған шетелдік инвестицияларды еліміздің шикізаттық емес салаларына көбірек тартуға қолайлы ахуал туғызбақ.

Үкімет Кедендік одаққа және сыртқы рынокқа тауар шығаратын жоғары технологиялық өндірісті қолдау үшін бірқатар тиімді шаралар қарастыруда. Негізінен бұл: Кедендік одақ шеңберінде және сыртқы рынокта отандық тауар өндірушілердің бәсекелестігін арттыру үшін оларға тікелей субсидия бөлу, кәсіпорындардың несиелік ресурстарға кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету, шикізаттық емес салаларға қосымша салық жеңілдіктерін жасау, инвестиция тарту мақсатында жаңа инфрақұрылымдық жүйелерді қалыптастыру болып табылады [2].

Баж салықтарының төмендетілуі көршілес рыноктардағы қазақстандық тауар өндірушілердің өнімдерінің бағасының арзандауына ықпал етеді. Бұл біздің компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін шыңдайды. Осының нәтижесінде, бәсекеге қабілетті отандық тауарларды өткізу рыногы кеңейеді. Соған байланысты қазақстандық тауар өндірушілеріне алдынан ашылғалы тұрған жаңа мүмкіндіктерді атап көрсетуге болады. Мысалы, Ресей Федерациясы жыл сайын 3 млрд. доллардан астам қаржыға ет импорттайды. Бұл елге келетін ет өнімдері негізінен Латын Америкасынан – Аргентина, Бразилия сияқты елдерден әкелінеді. Бұл дегеніңіз, қазақстандық мал шаруашылығын өркендетуге баламасы жоқ рынок. Құс шаруашылығын дамытуға да таптырмас мүмкіндік. Оның үстіне, біз үшін ешқандай трафиктік шектеулер қойылмайды. Алайда, шығаратын өнімдеріміз стандарттарға сай болуы тиіс.

Бірлескен экономикалық кеңістік Қазақстанға көрші елдердің инфрақұрылымын да толық пайдалануға жағдай жасайды. Бұл өнім шығаратын негізгі рыноктардан қашық аймақта орналасқан және теңіз порттарына шығатын өзінің бағыттары жоқ біздің еліміз үшін өте тиімді болғалы тұр. Үкімет басшысы Кедендік одақ аясында еліміздің бизнесі үшін тағы бір пайдалы мәселені алға тартты. Мәселен, азық-түлік, ет өнімдері сияқты басқа да тауар түрлерін тікелей өзіміздің өндірушілер сататын сауда жүйесін жасау. Ол үшін Ресейдің үлкен қалаларынан сауда орындарын сатып алып, оларды қазақстандық бизнес өкілдеріне беру керек. Кедендік одаққа мүше елдер арасында шекараның жойылуы тауарлардың жеткізілу мерзімінің қысқаруына алып келеді. Осының нәтижесінде, Еуропаға шығарылатын біздің тауарларымыздың сапасы жақсарады.

Қарапайым тұрғындар үшін де Кедендік одақтың тиімділігі мол. Қазақстанда шығарылатын ресейлік және беларусьтық тауарларды отандастарымыз арзан бағаға сатып алатын болады. Бұл, ең алдымен, Қазақстан бүгінде шетелдерден әкелетін халық тұтынатын тауарларға қатысты. Екінші жағынан алғанда, бәсекелестік ортада қазақстандық тауар өндірушілерге де өз тауарларының бағасын түсіруге тура келеді. Бұл да тұтынушылар үшін тиімді болмақ. Қорыта айтсақ, Кедендік одақтың құрылуы қазақстандық тұтынушыларға, қарапайым тұрғындарға қай жағынан алсақ та пайдалы болып табылады. Тағы бір ерекше атап көрсететін мәселе, еліміздің Кедендік одаққа кіруі Қазақстанның экономикалық және тәуелсіздік мүдделеріне де ешқандай нұқсан келтірмейді. Бұл мәселені Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жан-жақты қарап, тиісті шешім қабылдаған болатын [3].

Осы тиімді тұстардың бәріне көздері анық жеткен іргелес шетелдіктер (ТМД аймағы) Кедендік одаққа енуге өздері өтініш жасайтын болады. Ескере кетсек, Еуроодақ құрамы да бірден қазіргі деңгейіне жетпеген. Өзінің пайдалылығы мен өміршеңдігін дәлелдеген соң, оның ауқымы кеңейді. Түптің түбінде бұл Еуроодақпен бірігуге жол ашатын құрылым болуы да мүмкін.

Әрбір жақсылықтың оңайлықпен келетін олжа болмасы белгілі. Сол себептен де, алдағы жылдың алғашқы күнінен қызметін бастайтын Кеден одағы Қазақстан жағынан ұлттық мүддеге орай әлі де біршама істерді тындыруды талап етеді. Енді соны тізбелеп шықсақ [4].

1. Қазақстан жағына ішкі рыноктағы тарифтер мен бағаларды қайта бір електен өткізу керек болып тұрған секілді. Дәлірек айтсақ, Ресей Федерациясында зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы және жалақы секілді бюджеттік міндетті төлемдер Қазақстандағыдан әлдеқайда жоғары. Өйткені, бұл көрші елде «мұнай долларын» біз секілді Ұлттық қорға жинақтау дәстүрі жоқ. Ресей Федерациясында «мұнай доллары» бюджеттік міндетті төлемдерді өсіру, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту секілді мақсаттарға тікелей жұмсалады. Сондықтан да, тұрғындар кірісінің молырақ болуына байланысты мұндағы баға да, тарифтер де біздегіден әлдеқайда жоғары. Айталық, жанар-жағармай бағасы Қазақстанның ішкі базарындағыдан Ресей Федерациясында да 20 %-ға жоғары. Оның үстіне біз Ресей Федерациясынан жанармайдың ауқымды бөлігін импорттап келеміз. Демек, әлі 20 %-дық жоғары бағаға тасымал шығыны қосылады. Олай болса, Қазақстанның ішкі рыногында мұнай өнімдері бағасының өсуі – табиғи заңдылыққа жол беруге мәжбүр болатындығымыздан да, ішкі рыногымызда көптеген күнделікті тұтыну тауарлары мен қызметтер бағасы өсуі тиіс. Айталық, азық-түлік және қоғамдық көліктердегі тасымал бағасы қымбаттап жатса, оған «Бұл қалай?», - деуге болмайды. Бұл - жанар-жағармай бағасының қымбаттауы есебінен ғана өмірге келетін жаңа бір «құқай» емес, сонымен бірге, отандық нарық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де осылай болуы тиіс іс болып шықпақ. Мысал ретінде айтар болсақ, Ресей Федерациясымен шекарамыз 7000 шақырымнан астамға созылған. Осынау қашықтықты қырағы күзету мүмкін емес. Екі ел арасын кеден бекеттері бөгеп тұрған кездің өзінде басқаны былай қойғанда «ит қосып» іздейтін есірткінің өзі ерсілі-қарсылы өтіп кетіп жүргені ақиқат қой. Ал, енді, кеден бекеттері алынған кезде жағдай не болмақшы. Мәселен, Қазақстанда нан, ет, сүт, тағы басқа қажетті тауар түрлері арзан болса, оларды Ресейдің бізге іргелес облыстарындағы құдайы көршілер тасып әкетері сөзсіз. Бұл – бұрын да көрген «құқайымыз». Міне, осы «құқайды» қайталап көрмеу үшін де, - біздегі баға ең кемі Ресейдегі бағамен шеңдес болуы табиғи заңдылық. Демек, біз ішкі рыноктағы тауарлар мен қызметтер бағаларының өсетін кезіне тақап қалдық.

2. Екіншіден, Ресей Федерациясында кезінде біртіндеп өсіп 33 рубльге жеткен доллар бағасы әлемдік қор биржаларындағы «қара алтын» бағасының өсуіне орай қазір 24 рубль деңгейінде тұр. Бұл Ресей Федерациясындағы қаржы сарапшыларының мәлімдеуіне қарағанда, әлі де төмендеп, 23 рубль деңгейіне жететін, сөйтіп, бұдан былай әлемдік қор биржаларындағы мұнай бағасы осы күйінде сақталатын болса, осы 23 рубль, яғни, 2007 жылдың тамызына дейінгі жағдайында қалатын көрсеткіш болмақшы. Соған байланысты доллар бағасы біздің рынокта өспесе, түспейтіні көрініп тұр. Ал, инфляция 8 % болады дегенге Ұлттық банк басшылары уәде беруде. Сонда мынадай жағдай қалыптасты дей аламыз: бюджеттік міндетті төлемдердің 2009 жылдың басындағы 25 %-дық өсімін теңгенің 25 %-дан астамға

девальвациялануы жойып кетті. Олай болса, халықтың сатып алу қабілеті инфляцияның 8 %-дық деңгейінен жоғары мөлшерде төмендеген болып шығады [4].

3. Үшіншіден, Адамзат тарихында болған барлық дағдарыстардан шығудың негізгі екі жолы бар екен. Біріншісі, экономиканың жаңа тауарлы өндірісін озық технология негізінде өмірге әкелу болса, екіншісі, тұтынушының сатып алу қабілетін көтеру. Осы қазір, біз бастан кешіп жатқан дағдарыс кезінде бастапқы жолға қатысты не істеліп жатқаны, не болып жатқаны әзірге белгісіз. Өздерінің дағдарысқа қарсы күрес шараларында әлемнің барлық мемлекеттері екінші жолды қарқынды түрде жүргізуде. Айталық, Жапонияда «үш сатылы зымыран» бағдарламасы бойынша халықтың сатып алу қабілетін аса мол мөлшерде көтеру ісіне бұрын-соңды болмаған деңгейде ақша жұмсалды. Сондықтан да, жапондықтар доллардың құнсыздануына қарсы иеннің құнсыздануын ақиқатқа айналдырып, айтарлықтай өндірістік рецессия болмауын қамтамасыз етіп отыр. Батыс Еуропа елдерінде де осындай шаралар жүзеге асырылды. Демек, Қазақстан Республикасының Үкіметі халықтың бюджеттік міндетті төлемдерін асыруға қатысты Елбасымыздың тапсырмасын мерзімінен кешіктірмей орындауға тиісті. Бұлай болмаған жағдайда, мәселе шиеленісе түседі.

4. Республика үкіметі мұнай магнаттарына салынатын салыққа қатысты жаңа заң дайындауға тиіс секілді. Бұл заңда, мұнай өндіріп, экспорттаушылар мүддесі де, мемлекет мүддесі де тең дәрежеде ескерілуі тиіс. Айталық, әлемдік қор биржаларындағы мұнай бағаларының ауытқуына орай, салық мөлшері әрі кеткенде Ресейдегідей екі айда бір рет шендестіру коэффициенттері арқылы жағдайға көшу керек. Жыл ұзағына қатып қалған бір бағамен жұмыс істеу – қателік болар еді.

Бұл жерде тағы бір мәселе бар, Қазақстанның Ресеймен арада Кедендік одақ құру жоспары АҚШ, Еуроодақтың ойы қалай. Қазақстанның ЕурАзЭҚ, ШЫҰ-ға мүшелігін жақтай ма, әлде теріс қалай ма? Егер Қазақстан Ресеймен қарым-қатынасты жетілдіріп, сонымен ғана саяси-экономикалық ұйым құратын болса, бұрыннан келе жатқан көпвекторлы саясаттан алшақтаймыз. Оның үстіне, осы күні Ресейдің қарсыластары аз емес. Егер Қазақстан Ресеймен қандай да бір экономикалық байланысқа бара калса, Ресейдің жауы біздің жауымыз болып қалуы мүмкін.

Үш мемлекетке ортақ бұл Кеден кодексі Қазақстан Республикасының жетекшілігімен жүзеге асырылған. Оның негізіне Киото хаттамасы алынған. Кеден кодексінің жобасы 368 баптан (8 бөлім мен 50 тараудан) тұрады. Тараптар талқылау барысында жобаға 315 түзетулер енгізді. Жаңа кодекстің басты негізі Кедендік одақта бірыңғай кедендік кеңістік қалыптастыру, Кедендік одақ аумағындағы транзит үшін ортақ ахуал қалыптастыру, кедендік тіркеулер мен кедендік бақылау жасаудың күшін жою болып табылады.

Бүгінгі жаппай жаһандану дәуірінде экономикалық интеграциялану мәселесін бірінші кезекке қойып келе жатқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өміршең бастамасы ақиқатқа айналып, үш мемлекет арасында жаңа экономикалық интеграциялық құрылым – Кедендік одақ өмірге келді. Тарихта баламасы жоқ бұл одақтың артықшылықтары күдіретті уақыт еншісінде. Қазірге дейін айқын болып отырған басты жетістік, Кедендік одақ құрамына кірігу арқылы үш мемлекет мынау жаһандану дәуіріндегі болжаусыз экономикалық дауылдарға бірлесе қарсы тұрып, кездескен қиындықтарды бірлесе жеңетін болды. Бұл кедендік одақтың ел экономикасына, ертеңгі даму болашағымызға берері мол [4].

Қорыта айтқанда, Кеден одағы – қазақстандықтар көп ұзамай-ақ игілігін көруге тиісті бір оң қадам болмақ. Солай дей тұрсақ та, бастапқы кезде, егер біз жоғарыдағыдай түйінді мәселелерді алдағы жылдың басына дейін оң шешіммен заңдастырып алмасақ, жақсы ісіміздің өзінен жапа шегуіміз әбден мүмкін. Бұл арада бір жақтың ғана мүддесін көздейтін әлеуметтік-экономикалық ағзаға ескі көзқарас жарамсыз. Мен, отандық экономика локомативтерінің мүддесін көздеуден бас таратайық деген пікірден аулақпын. Солай бола тұрса да, әлеуметтік мүддені назардан тысқары қалдыруға қақымыз жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. 2010 – 2011 жылдарға арналған Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының Бірыңғай экономикалық кеңістігін қалыптастыру бойынша іс-әрекеттер жоспары.

2. Алибекова, Р. Таможенный союз: к интеграции без препон: продолжается формирование правовой базы и правил "игры" в ТС/ Р. Алибекова // Казахстанская правда. – 2010.

3. Назарбаев, Н. А. Евразийский Союз: идеи, практика, перспективы. 1994-1997 – 480 с.

4. Төрегожина М.Б. «Қазақстан және ДСҰ: ынтымақтастық жасасу проблемалары» оқу құралы /Алматы: экономика 2010-1536

ӘОЖ: 338.124.4.

ҮДЕМЕЛІ ИНДУСТРИАЛДЫ – ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ДАМУДЫҢ ПЛАТФОРМАСЫ

Ж. Б. Кенжин, магистр, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада, бағдарламаны жүзеге асырудың түйінді көрсеткіштері мен бағыттары көрсетілген. Қазақстанның экономикасына жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың ықпалы, елдің индустриалды дамыту және экономиканың дәстүрлі секторларының бірінші кезекте әртараптандырудың ерекшеліктері анықталған.

В статье рассмотрены основные показатели и направления реализации программы. Выявлено влияние мирового финансово-экономического кризиса на экономику Казахстана, а также определены особенности традиционных секторов экономики и индустриального развития страны.

The article describes main indicators of direction and implementation of program. The effect of global financial crisis on the economy of Kazakhstan, as well as identify features of traditional sectors of economy and industrial development.

Шикізат өндірісі секторының экспорттық түсімі көлемдерінің төмендеуімен айқындалған Қазақстанның экономикасына жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың ықпалы, елдің индустриалды дамыту және экономиканың дәстүрлі секторларының бірінші кезекте әртараптандыруды қажет етеді. Ағымдағы жылдың мамыр айында «Нұр Отан» ХДП кезектен тыс XII съезіндегі сөзінде, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «2010 жылдың бірінші қаңтарынан бастап «Қазақстан-2030» Стратегиясының аясында біз индустриялық-инновациялық үдетілген даму бесжылдығын бастаймыз. Біз әлемнің барлық мемлекеттерінде өткен ғасырдың басында болған индустрияландыру туралы емес, инновациялық индустрияландыру туралы айтып отырмыз. Біздің индустрияландыру әлемдік экономиканың қазіргі даму ғұрпына сәйкес болуы тиіс...» деп айтып өтті.

Бас басымдылықтар болып: өнімдердің әртараптандыруы мен олардың терең өңделуіне дейінгі технологиялық тіркестің жалғасы арқылы дәстүрлі экспорттық секторларды дамыту; жоғары қосылған құны бар өнімнің және еңбек өнімділігінің биік деңгейі көмегімен инновациялық өндірістерді дамыту болып табылады [1].

Партия съезінде мемлекет басшысы үкіметке аймақтардың ресурстық базасымен және инфрақұрылымның дамуымен байланыстырылған өндірістік қуаттардың тиімді орналастыру схемасы қосылатын жаңа бағдарламаның іске асыруына қажетті негізгі құжатты – 2010-2020 жылдарға арналған Қазақстанның индустрияландыру картасын әзірлеуді тапсырды.

Инновациялы индустрияландырудың негізгі мақсаттары: кәсіпкерлік пен мемлекеттің күштерін біріктіру және елдің резервтерін экономиканың басты секторларын дамытуға